

**6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша  
философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге ұсынылған «Оңтүстік  
Қазақстан облысының еңбекке қабілетті жасынан асқан тұрғындарына  
біріншілік медициналық-санитарлық көмекті (БМСК) оңтайландыру»  
тақырыбындағы философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуші  
Ермаханова Жанар Акбаровнаның диссертациясына берілген  
Отандық ғылыми көңесшісі, м.ғ.д. профессор  
Тузельбаев Нурдилла Кельжановичтің**

## **ПІКІРІ**

Ермаханова Жанар Акбар қызының ғылыми диссертациялық жұмысы Оңтүстік Қазақстан облысындағы еңбек ету жасынан асқан тұрғындардың арасында аурулардың кездесу жиіліктерін зерттеуге және оның алдын алу технологиясын жетілдіру жолдарын шешуге арналған диссертациялық еңбегі қазіргі таңдағы қоғамдық денсаулықтың алдында тұрган өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Халықтың қартаю мәселелері ғылыми қоғамның назарын өзіне үнемі аударып отырады. Дүниежүзілік тұрғын халықтың құрылымында егде жастағы адамдар үлесінің тұрақты тұрде есуі қарттық пен қартаю, қоғамның дамуында егде жастағылар ролінің өзгеруі туралы жаңаша көзқарастардың пайда болуына әкеліп соқтырды. Заман талабына сай адамдар ұзақ және сапалы өмір сүруді қалайды.

Қартаю үрдісіне шалдыққан қоғам тек демографиялық өзгерістерге ғана бейім емес, мұндай қоғамда экономикалық та, әлеуметтік те қарым-қатынастар өзгереді, оған қоса қартайып отырған қоғамның өзі де өзгеріске ұшырайды. Олардың ішінде егде жастағы адамдарға медициналық және әлеуметтік қызмет көрсетілуімен және психологиялық мәселелерді шешумен қатар, олардың белсенді қартаюын женілдету сұрақтары, кәсіби және қоғамдық қызметі, қоғам үшін пайдалы еңбекке қатысуы басты орынға ие.

Егде жастағыларға біріншілік медициналық-санитарлық көмек көрсетуді жетілдірумен, республикамызда егде жастағылардың денсаулығын бағалайтын медициналық-демографиялық, әлеуметтік-гигиеналық зерттеулердің жеткіліксіздігімен байланысты.

Оңтүстік Қазақстан облысының қарт тұрғындарының денсаулық көрсеткіштері, мүгедектік жағдайы барлық елдегідей күрделі мәселе болып қалыптасуда. Жоғарыда көрсетілген мәселелер тақырыптың өзектілігін дәлелдеп отыр. Диссертациялық жұмыс барысында негізделген ғылыми жаңалықтың әрбір ғылыми нәтижесі жоғары деңгейдегі ғылыми жаңалығымен ерекшеленеді.

Оңтүстік Қазақстан облысы мысалында медициналық-демографиялық үрдістер талданып, еңбекке қабілетті жастаң асқан халық денсаулығының аймақтық ерекшеліктері анықталған.

Сонымен қатар, Денсаулық сақтау жүйесінің әлсіз тұстары анықталынып бастапқы медициналық-санитарлық қызметтердің үйымдастырушылық

мәселелері талқыланған. Еңбекке қабілетті жастан асқан тұрғындардың жүрек қан тамыр жүйесі ауруларының біріншілік және екіншілік профилактикасын жетілдіруге бағытталған ұйымдастырушылық іс шаралардың жиынтығы дайындалған. Еңбекке қабілетті жастан асқан халықта медициналық-әлеуметтік көмек көрсету ұйымдарын жетілдіру бойынша ғылыми тұрғыдан дәлелденген іс-шаралар кешені әзірленген.

Сонымен қатар, тұрғындардың жүрек қан тамыр жүйесі ауруларының алғашқы алдын алудың қолжетімділігін арттыруға бейімделген заманауи бағдарламасы бар оқулық тәжірибеге енгізілуге ұсынылған.

Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері Scopus мәліметтер базасына кіретін халықаралық басылымдарда мақалалары жарияланған, отандық және шетелдік халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда, ҚР Білім және Ғылым Министрлігінің Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда мақалалары талапқа сай жарияланған. Ғылыми жұмыстың нәтижесі бойынша 2 оку құралы әзірленіп, қазақ тілінде жарық көрді.

Ж.А.Ермахановың ғылыми диссертациялық жұмысы жоғары тәжірибелік маңыздылыққа ие, заманауи медицинада қарт тұрғындарға көмекті ұйымдастыру, еңбекке қабілетті жастан асқан тұрғындар арасында аурушаңдықпен өлім-жітімді төмендетуге, мүгедек топқа шығуын азайтуға жол аша отырып, сапалы қартаюға жол ашады.

Ермаханова Жанар Акбар қызының «Оңтүстік Қазақстан облысының еңбекке қабілетті жасынан асқан тұрғындарына біріншілік медициналық-санитарлық көмекті (БМСК) оңтайландыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы алға қойған мақсаты, міндеттері, ғылыми жаңалығы, тәжірибелік маңыздылығы, көлемі бойынша білікті, толық аяқталған ғылыми еңбек болып саналады және диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға толығымен сәйкес келеді.

**Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ**  
**Жоғары медициналық білімнен**  
**кейінгі білім беру институтының**  
**«Жалпы дәрігерлік практика №1»**  
**кафедрасының**

**М.Ф.д. профессор,**

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ  
Жоғары медициналық білімнен  
кейінгі білім беру институты

**РАСТАЙМЫН**  
**ҚАБЫЛДАУ БӨЛІМІ**

*Р. Садим*

Тузельбаев Н.К.

